

Қазақстан Республикасында табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің 1999-2000 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 шілде N 983

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің 1999-2000 жылдарға арналған тұжырымдамасын мақұлдансын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
15 шілдедегі
N 983 қаулысымен
мақұлданған

Қазақстан Республикасында табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін реттеудің 1999-2000 жылдарға арналған
т ұ ж ы р ы м д а м а с ы

1 . К і р і с п е

1992 жылға дейін Қазақстан экономикасының барлық саласында тауарлардың және қызмет көрсетулердің барлық түрлеріне бағаларды мемлекет реттеп отырды.

1992 жылдан бастап бағаларды реттеу тек аса қажетті азық-түлік тауарлары, шаруашылық жүргізуші монополист-субъектілердің өнімдері үшін іске асырылды. Табиғи монополияшылардың өнімдері бағаны реттеудің мәні тарифтерді инфляция деңгейіне үйлестіру болды.

1992-1994 жылдары бағаларды реттеу босаңсыды. 1994 жылдың соңына қарай баға

саласындағы жағдай сын сәтіне жетті, бағалар, әсіресе, табиғи монополияшы кәсіпорындарда күрт өсті. Бағалық қайшылықтар пайда болды. 1992 жылдың қаңтарынан 1994 жылдың қазанына дейін бәсеке басталып кеткен индустрия, жеңіл және тамақ өнеркәсібіндегі баға өсуінің орташа индексі салыстырмалы тұрғыда төмен болған жағдайда, электр қуаты, табиғи газ үшін бағалар айтарлықтай өсті. Қазақстан экономикасын қаржылық тұрақтандыру мәселесін шешу тек монополияшы кәсіпорындарда бағалардың өсуін тоқтату арқылы мүмкін еді.

1994 жылдың қазан айынан "Шаруашылық жүргізуші субъектілер-табиғи монополияшылардың өнімдеріне бағаларды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылғы 19 қазандағы N 1171 P941171_ қаулысы шыққан соң, табиғи монополияшы кәсіпорындардың бағаларын реттеу жөніндегі жұмысы басталды. Бағаларды тоқсанында бір реттен жиі қайта қарауға тиым салынды. Монополиялық жоғары пайданың деңгейіне бақылау орнатылды. Табиғи монополияшы кәсіпорындардың жанындағы негізгі қызметті қосарлаушы құрылымдар жойылды.

Бұл шаралар табиғи монополияның аясына жататын және тұтастай алғанда экономикадағы бағалардың өсу қарқынын бәсеңдетуге мүмкіндік берді. 1995-1997 жылдары азық-түлік тауарларына бағаларды реттеу жойылды. Бәсекелестік рыногында істейтін монополияшылардың рентабельділік деңгейін реттеу тоқтатылды.

Ұлттық акционерлік компаниялар мен мемлекеттік акционерлік компаниялар және салалас кәсіпорындарды біріктіретін және бәсекелестікті шектейтін басқа да ұйымдық-басқару құрылымдары монополиясыздандырылды. Мемлекеттің бәсекелестік-нарықтық реттеуді кеңейтуге бағытталған белсенді қызметі күшейе түсті, бұл бағалардың және республиканың қаржылық жағдайының тұрақтануына ықпал етті.

Коммуналдық салаға бюджеттен демеуқаржы беру тоқтатылды Халық, негізінен, суға, газға, жылуға және электр қуатына осы қызметтердің шынайы бағасы бойынша т ө л е й б а с т а д ы .

1997 жылы Монополияға қарсы комитет табиғи монополия субъектілері ұсынған 7,5 млрд. теңгелік бағалардың жобасын негізсіз деп тапты. Заңды түрде бекітілген "табиғи монополия" түсінігінің болмауы, бағалардың деңгейін айқындаудың әдістемелік тәсілдерін айтпағанның өзінде, мүмкіндігін шектеді.

1998 жылдың екінші жартысында: "Табиғи монополиялар туралы" Z980272_ , "Теріс пиғылды бәсекелестік туралы" Z980232_ заңдар, оларды іске асыру жөніндегі бірқатар нормативтік актілер енгізілді.

Олардың ішінде: "Табиғи монополия субъектілерінің өндіру ісіне және қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсетулеріне бағаларды (тарифтер) есептеген кезде ескерілетін шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі туралы нұсқаулық", "Табиғи монополия субъектілерінің материалдық және қаржылық ресурстарды тендерлік негізде сатып алуының Ережелері", "Табиғи монополия субъектілерінің тауарларына, (

жұмыстарына, қызмет көрсетулеріне) бағаларды (тарифтерді) ұсынудың, қараудың, бекітудің және енгізудің тәртібі туралы нұсқаулық", "Мемлекеттік бағалар тәртібін бұзғаны үшін экономикалық санкцияларды қолдану жөніндегі нұсқаулық", "Қазақстан Республикасының табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімін қалыптастыру мен жүргізу Ережелері" бар.

Табиғи монополияның аясын реттеуді одан әрі жетілдіруде Монополияға қарсы агенттік дайындаған "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы", "Коммерциялық құпия туралы" Қазақстан Республикасының екі жаңа Заңының іске қосылуының игілікті әсері болады. Мұның өзі Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына енуі ү ш і н д е м а ң ы з д ы .

2. Табиғи монополиялардың қызметін реттеудің мақсаты және субъектілері

2.1. Осы Тұжырымдама Елбасының 1999 жылдың 31 наурызында Парламент Палаталарының біріккен отырысында сөйлеген сөзінен туындайтын міндеттерді іске асыру және тариф пен өнеркәсіп саясатын үйлестіру мақсатында жасалды.

2.2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияшылар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімін енгізу. "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес, Мемлекеттік тізілімге қызметтің түрлері табиғи монополия аясына жатқызылған субъектілер енгізіледі.

Қазақстан Республикасының рыногындағы табиғи монополиялардың субъектілері б о л ы п м ы н а л а р с а н а л а д ы :

"Интергаз Орта Азия" ЖАҚ, "ҚазТрансОйл" ЖАҚ, "Қазақстан темір жолы" РМК, "Қазақтелеком" АҚ, "KEGOC" АҚ, "Алматы Пауэр Консолидейтид" ЖАҚ", "Қазаэронавигация" РМК, "Союзцелинвод РМК тресі", "Ертіс-Қарағанды" каналын пайдалану жөніндегі кәсіпорын, пошта байланысы РМК, "Қазтеңізкөлікфлот" ұлттық теңіз кеме компаниясы, әуежайлар.

Аумақтық деңгейде электр және жылу қуатын берумен және таратумен айналысатын, сумен қамтамасыз ету, сарқын суларды ағызу, газбен жабдықтау, әуе кемелерін жер бетінде қамдау жөнінде қызмет көрсететін 980-ге тарта субъектілер бар.

2.3. 1999-2003 жылдарда Қазақстан Республикасында табиғи монополиялардың қызметін реттеуді одан әрі жетілдіру мәселелері:

табиғи монополиялар субъектілерінің экономикалық қызметінің айқындығын қамтамасыз ету, баланстарды және олар жөнінде жүргізілген аудиторлық тексерулердің нәтижелерін жыл сайын жариялап отыру;

республиканың ішкі рыногында - бәсекелестікті қорғау, олардың сыртқы рынокта - отандық тауар өндірушілерге өнімдері әлемдік рынокта бәсекеге қабілеті болатындай жағдайлар ж а с а у ;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне байланысты жекелеген қызмет көрсету (тауар, жұмыс) түрлеріне бөлшек сауда бағасының шекті деңгейін белгілеу; монополиялық қызметті шектеу және тұтынушылардың мүдделері мен құқықтарын қ о р ғ а у ;

шығынды жабуды қамтамасыз ететін табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне әділетті бағалар (тарифтер) белгілеу және пайданың әділетті ставкаларын а л у ;

Инфляциялық болжамдар мен шығыстардағы валюталық құрамды қысқарту есебінен төлеуге қабілетті сұранысты ескере отырып, табиғи монополия субъектілері қызметтеріне бағалардың өсуін шектеу;

салааралық, ішкісалаалық және аймақтық бағалық тепе-теңдік пен балансты сақтау; шығындарды оңтайландыру, көрсетілген қызметтер үшін төлемдер жинауды жақсарту, капитал игеруді жақсарту, жаңа технологияларды енгізу. Өндірістегі ағымдық шығынды азайтуға, көрсетілетін қызметтің тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған инвестициялық бағдарламаларды іске асыру көтермеленетін болады.

3. Табиғи монополиялардың қызметін реттеудің тетігі

3.1. Бағалар мен тарифтерді теңгемен белгілеу. Экономикадағы тұрақтылықты сақтау мақсатында табиғи монополиялардың қызметтеріне бағалар мен тарифтер Қазақстан Республикасының резиденттері үшін теңге бойынша бекітіледі және т і р к е л е д і .

Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) жөніндегі ақпарат тұтынушыларға теңгемен ұсынылуы қажет. Қазақстан Республикасының резиденттері арасында келісім шарттар жасасқанда баға тек ұлттық валютамен белгіленеді. Бұл шектеулер табиғи монополияларды реттеу жөніндегі заңдарда және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда қарастырылған жағдайда, ұйымдардың қызметтеріне белгіленген бағаларға қ о л д а н ы л м а й д ы .

3.2. Табиғи монополия субъектілерінің қызметін ұлттық валютаның еркін өзгермелі айырбас бағамы жағдайында реттеу. Доллар бағамының өзгеруіне қарай табиғи монополияның қызметіне тарифті "әншейін" индекстеуге жол берілмейді. Бағаларға теңгенің "өзгермелі" айырбас бағамының әсерін анықтау үшін, табиғи монополия субъектілерінің теңгемен және валютамен жүргізген шығыстары мен кірістері айқындалады. Бағалардың өсуін шектеу және отандық тауар өндірушілерді қолдау үшін, табиғи монополияшылар шығындарының валюталық құрамын кеміту жөнінде ш а р а л а р қ о л д а н ы л а д ы .

Рынокта үстем жағдайға ие және осынысын баға мен тарифтерді негізсіз көтеруге пайдаланатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің жылу энергиясын өндіру және

қамтамасыз етуге, газбен қамтамасыз ету, электрмен қамтамасыз ету, сумен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтеріне, кірме теміржолдарды пайдалануға көрсететін қызметтерінің бағаларына мемлекеттік реттеу енгізіледі.

Электр энергиясы мен газды Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерден сатыл алатын және қазақстандық өндірушілер тарапынан баламалық жеткізу мүмкіншілігі жоқ аумақтарды электр энергиясымен және газбен қамтамасыз етуде іркілісті болдырмау мақсатында тұтынушылар үшін газ және электр энергиясының тарифтеріне өзгерістер АҚШ долларының ай ішіндегі биржалық орта бағамының ауытқуларын ескере отырып, ай сайын жүзеге асырылатын болады.

3.3. Бағасын түсіруге жеңілдік беретін, отандық тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған тарифтерді реттеудің икемді тәсілін енгізу. Шегерімдер жасаудың негізгі өлшемдері мыналар болып табылады: қызмет көрсетудің көлемдері, тұтыну көлемінің арту мүмкіндігі, алдын ала төлеу табиғи монополия субъектілерінің іске қосылмаған немесе нашар іске қосылған қуаттарын пайдалану және басқалар.

Жеңілдік беру мынадай мақсаттарды көздейді:

сыртқы рынокта отандық өнімдердің бәсекелестік қабілетін қолдау;

барлық тұтынушылар үшін табиғи монополияшылар субъектілерінің қызметтеріне тарифтерді көтеру қажеттілігіне әкеліп соғуы мүмкін экспортқа шығарылатын өнімдер көлемінің және табиғи монополияшылар қызметтері көлемінің күрт төмендемеуіне жол б е р м е у ;

бюджетке түсетін салықтың анағұрлым кеміп кетпеуіне жол бермеу;

Тарифтердің шегерілуі тұтынудың мәлімделген көлеміне және алдын ала төлем өткізу мерзімдеріне байланысты болады.

Тарифтердің шегерілуі туралы шешім экспортшы, табиғи монополия субъектісі мен мемлекет үшін бұл шараның экономикалық тиімділік есебінің негізінде қабылданады.

Табиғи монополия субъектілері бойынша жаңа өндіріс орындарын аша алатын және өз өнімдерімен ішкі де, сыртқы да рыноктарға шығатын тұтынушылар үшін тарифтерге шегерімдерді белгілеудің тетіктері енгізіледі.

3.4. Жаңа тарифтік әдістемелігін енгізу. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) бағаны қалыптастыру кезінде халықаралық стандартқа сәйкес инвестицияланған капиталға пайданың нормаларын белгілеудің жаңа әдістері қолданыла бастады. Инвестицияланған капиталдың пайдасы инвесторлар тартудың басты ынталандырушысы болып табылады.

Кірістің нормасын анықтау кезінде халықаралық тәжірибені ескере отырып, үмітсіз талаптардың туындауына, былайша айтқанда тұтынушылардың төлем мүмкіншілігінің шектелуіне байланысты тәуекелдер ескерілетін болады.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекені қорғау жөніндегі агенттігінің жанында салалық министрліктердің өкілдерінен, ғалымдардан, мамандар мен тұтынушылардан құралған

сарапшылар кеңестері жұмыс істейді. Оларға табиғи монополия саласын реттеудің заңдық, нормативтік және тәсілдемелік базасы бойынша ұсыныстарды жасау және сараптау міндеттері жүктелген.

3.5. Тұтынушылар тобы бойынша тарифтерді дифференциациялау Дамыған елдердің экономикасында тұрмыстық тарифтер өнеркәсіпке қарағанда, әдетте 1,5-2 есеге жоғары.

Қазақстанда тұтынушылар тобы бойынша тарифтерді негізсіз дифференциациялау 2000 жылға қарай аяқталатын болады. Өнеркәсіптер мен тұрғындар үшін жылу беру тарифтері Атырау, Солтүстік Қазақстан мен Оңтүстік Қазақстан облыстарында, Алматы қаласында, электр энергиясын беру Ақтөбе, Ақмола, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында теңестірілетін болады.

3.6. Табиғи монополия субъектілерінің инфрақұрылымын дамытуға жұмсалатын шығындарды пайдаланудың ұтымдылығы.

Инвестициялық бағдарламаларды, индикативтік жоспарларды келісудің тәртібі енгізіледі. Келісілген техникалық саясат бойынша салааралық және ішкісалаалық келісімдерді бекіту ынталандырылады.

Салалар дамуының стратегиялық бағыттарын, өзара байланысқан тарифтік, өнеркәсіп және көлік саясатын қалыптастыру мақсатында құрамында мүдделі министрліктер мен ведомстволардың өкілдері кіретін ведомствоаралық кеңес құрылады. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекені қорғау жөніндегі агенттігі оның жұмысшы органы болып табылады.

3.7. Дебиторлық қарыздардың деңгейін ескере отырып, тарифтердің өсуін шектеу. Табиғи монополиялар субъектілерінің көрсеткен қызметі бойынша тұтынушылардың қарызы, тиісті шартты ресімделмесе, соңғысына тәуекел болып табылады және бағаны көтеру үшін негіз болып саналмайды.

Егер соңғы кезеңде дебиторлық қарызының төмендеуі байқалмаса, табиғи монополияшылардың бағаны көтеруге өтінімдері қаралуға қабылданбайды. Мұндай шара қаражаттың ақшаның нашар жиналуы кезінде тарифтерді негізсіз көтеруге ұмтылысын шектейді және табиғи монополия субъектілерінің төлемдер жинау жөніндегі қызметін жандандыруға мүмкіндік береді.

3.8. Көпшілік тыңдаулар. Коммуналдық саладағы табиғи монополияшылардың тарифтерін қарау барлық аймақтарда жария тыңдаулар рәсімі арқылы өтетін болады. Оған қатысушылар - ассоциациялар және жеке пәтер иелерінің кооперативтері, тәуелсіз сарапшылар, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдар. Мақсаты - ең алдымен коммуналдық қызметтер үшін төлемдер жинаудың деңгейі төмен қалаларда, елді мекендерде қызмет берушілер мен тұтынушылардың өзара міндеттемелерін жасап шығару.

3.9. Шығындардың құрамын қалыптастырудың ерекше тәртібін қолдану. Есепке алу

саясатының және табиғи монополия аясы субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың ерекше жүйесін құру қарастырылуда.

Табиғи монополияның барлық субъектілері монополияға қарсы органдарда есепке алу саясатын әзірлеуге және келісім алуға тиісті.

Шикізатты, материалдарды, отынды, жабдықтарды сатып алуға және жұмсауға, пайдалану қондырғыларын жөндеу және қайта жаңарту жөніндегі жұмыстар үшін аударымдарына еңбекақы төлеу деңгейіне, үстеме шығыстарға, шығыстардың есептен шығарылуына бақылау күшейтілетін болады. Табиғи монополия субъектілері үшін тарифтік сметаларды бекіту және сол бойынша тоқсандық есеп беру тәртібі енгізіледі, мұндай жағдайда, шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібімен тиым салынған шығындарды қосуға болмайды. Бұл алдағы күнтізбелік жылға арналған шығындарды жоспарлау жалақы төлеуге, әлеуметтік саланы ұстауға арналған, әкімшілік және басқа шығындарды нормалау негізінде жасалатынын білдіреді.

Қазақстан Республикасының "Табиғи монополиялар туралы" Заңына сәйкес табиғи монополия субъектілері коммерциялық құрылымдардың құрылтайшылық құрамынан шығуға міндетті.

Әдетте, ұзақ мерзімге пайдаланылатын негізгі құралдар үшін жеделдетілген пайдалану тәсілі қолданылмайды.

Шығындардың айқындығын қамтамасыз ету мақсатында "Қазақстан Темір Жолы" РМК, "Қазақтелеком" АҚ, "KEGOC" АҚ секілді тағы да басқа компаниялардың аумақтық бөлімшелері бойынша толық бухгалтерлік балансты ресімдеу мәселесін қараған дұрыс болады.

3.10. Тендерлік рәсімдер. Табиғи монополиялардың ірі субъектілері 1999 жылдың басынан бастап жабдықтардың, отындардың, материалдық және қаржылық ресурстардың, сондай-ақ құны тоқсанында 850 мың теңгеден асатын қызметтердің барлық сатылымдарын тоқсанында, тек тендер негізінде және мүмкіндігінше отандық тауар өндірушілерден сатып алатын болады. Аумақтық деңгейдегі монополияшылар құны 85 мың теңгеден асатын сатылымдарды осындай жолмен жүргізетін болады. Бұл шарттардың бұзылуы экономикалық санкцияларды қолдануға мәжбүр етеді.

Отандық тауар өндірушілер тендерлік рәсімдерді өткізу кезінде өзге де тең жағдайларда берермендер алдында артықшылыққа ие болады.

3.11. Көрсетілген қызмет көлемдерін есептеуді өзгерту. Табиғи монополия субъектілерінің бағалары мен тарифтердің жобаларын қараған кезде ұсынылатын тауарлардың, қызметтердің көлемдері төлемге қабілетті сұранысты толық қанағаттандыруды және қызмет берушінің әлеуетті мүмкіндіктерін, сондай-ақ жалпыға бірдей қызмет көрсету принципі мен монополиялық жоғары бағаларды ұстау мақсатында көлемін төмендетпеуге жол бермеуді есепке ала отырып қабылданатын болады.

3.12. Есептеу құралдарын қою. Есептеу құралдарының көрсеткіштері бойынша

коммуналдық қызметтерге ақы төлеу міндетке айналуға. Есептеу құралдарының көрсетуімен расталмаған табиғи монополия субъектілерінің көрсететін қызмет көлемінің кемуі, тарифтерді көтеру үшін негіз бола алмайды.

Коммуналдық қызметті есептейтін аспаптарды орнату табиғи монополия субъектілерінің міндеті болып саналады. Есептеу құралдарын орнатуға байланысты шығынды қаржыландыру табиғи монополия субъектісінің меншікті немесе өтемқарыз қаражаты есебінен, осы құралдардың тозуын есептей отырып, бірте-бірте орнын толтыру арқылы жүзеге асырылады.

Есептеу құралдары жоқ болған жағдайда газбен, электрмен, сумен, жылумен қамтамасыз етудің ақысы 1999 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша қолданыстағы нормадан аспайтын тұтыну нормаларын басшылыққа ала отырып анықталады.

3.13. Табиғи монополия саласын реформалау. Табиғи монополияшылардың құрылымын қайта құру төмендегідей сұлба бойынша жүргізілетін болады:

табиғи монополияшылардың технологиялық бөлінетін қызметі үшін жекелеген заңды тұлғалар құрылады;

табиғи монополияшылардың құрамынан өзінің сипаты бойынша экономиканың нақты саласына сәйкес келетін құрылымдық бөлімшелер, сондай-ақ әлеуметтік саланың объектілері шығарылады.

Табиғи монополияшылардың үстемдігін бекітетін ұйымдық-құқықтық нысандардың қосылуына және құрылуына бақылау күшейтіледі.

Нағыз табиғи монополиялар мен нақты субъектілер бөлініп шығатындай етіп, темір жолдың құрылымын қайта құру қарастырылуда. Бұл ретте табиғи монополия субъектілерінің қызмет тарифтері төмендетілуі мүмкін, сондай-ақ олардың қызметінің жариялылығы қамтамасыз етіледі.

Телекоммуникация секторын монополиясыздандырудың жолдары анықталады.

Реттеуге байланысты тәуекелге барушылықты төмендету міндеті қойылып отыр. Бұрын реттеу жүзеге асырылған - пошта, өнім өткізу, әуежайлардың жекелеген саласындағы қызметтер, теміржол, байланыс секілді монополиялар саласында бәсекелестікті туғызу ынталандырылатын болады.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК